

III. ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

III. АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОГО ПРАВА И КРИМИНАЛИСТИКИ

Т. З. Аймағанбетов, Заң институты бастығының орынбасары, күндізгі оқыту факультетінің бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент, полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ЭКОНОМИКА САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ ТЕРГЕУ ӘДІСТЕМЕСІНДЕ ҚҰЖАТТАР МЕН АРНАЙЫ БІЛІМДЕРДІ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Экономикалық қызмет саласындағы қандай да бір қаржылық, шаруашылық операция есептік құжаттар және ақпараттардың электрондық тасымалдаушыларында бейнеленеді де, олардың негізінде есептік регистрлар, журналдар мен есепшоттарда жазбалар орындалады. Құжаттар көмегімен қаржылық-экономикалық операцияларды орындау, келісімшарттар мен мәмілелерді жасау туралы нұсқаулар беріледі; құжаттар сол нұсқаулардың орындалуын бейнелейді; олар құқықтық маңызын айқындайды; жасаған қаржылық, шаруашылық операциялар үшін орындаушылардың жауапкершілікті бекітеді. Экономика саласындағы қылмыстарды тергеу барысында құжаттар қылмыс оқиғасы, оның әдісі, орындаушысы, ұйымдасқан қылмыстық қызмет немесе сол қызмет үшін жағдаят жасауды куәландыратын басқа да жағдайлар туралы ақпараттың негізгі қайнар көзі болып келеді. Сондықтан да құжаттарды зерттеу тергеуші қызметінің негізгі бағыты болып саналады. Маманның құжаттарды зерттеуге қатысуы материалдық және интеллектуалдық жалғандық белгілерін айқындауда, құжат орындаушысын анықтауда, сараптамалық зерттеу үшін қажетті құжаттарды алуға көмек береді.

Экономика саласындағы қылмыстарды тергеу барысында тергеуші қылмысты жасау әдісін бейнелейтін ақпараттың көптеген құжаттық қайнар көздерімен кезігеді. Біздің пікірімізше, құжаттарды зерттеу тергеушіге қылмыстық әрекеттерді бейнелеу әдісін, өндірістік учаскелер, қаржылық-экономикалық, шаруашылық операцияларды анықтауына көмек беретін, қылмыс жасау әдістері мүмкін деген ұйымдасқан топтар қатысушылар туралы болжамдарды жасайтын процессуалдық және процессуалдық емес кешенді құрайды.

Тергеуші құжаттарды зерттеудің әртүрлі құралдарын қолдана алады. Сол құралдарды зерделеу және тексеру негізінде экономикалық қылмысты қандай да бір әдіспен жасау жағдайын, ұйымдасқан қылмыстық қызметті жасыру іздерін айқындайды. Бұл құралдар кешенді түрде қолданылуы қажет¹. Атап айтқанда, оларға келесілер жатады:

- құжаттармен өз бетімен немесе мамандардың көмегі арқылы жеке танысу. Бұл процессуалдық емес (барлаушы) танысу немесе тергеулік қарау болуы мүмкін;
- құжаттарды кәсіпорындар мен әртүрлі ұйымдарда зерделеу. Мысалы, банк құжаттарын — банкіде; Жарғы және тіркеу туралы шешіммен — аудандық әкімшілікте; және де салық комитетінде, контрагенттердегі және т.б. құжаттармен танысу;
- тергеушінің талабы бойынша құжаттық ревизия өндіру;
- құжаттарды құрастыруға ат салысқан, немесе құжаттармен рәсімделген операцияларға араласы бар хабардар тұлғалар қатысқан жауап алулар мен өзгеде тергеу әрекеттері;
- құжаттар бойынша әртүрлі сараптамаларды өндіру;
- тергеуші тапсырмасы бойынша анықтау органдарымен жедел-іздістіру әрекеттерін жүргізу.

Зерделенетін қылмыс оқиғасының жағдайлары туралы ақпараттың құжаттық қайнар көздері белгілі бір жүйені құрайды. Әлбетте, бұл оларды жеке топтарға, топтарды топшаларға бөлуге, олардың ақпараттық мазмұнының орналасу жерін анықтауға мүмкіндік туғызады.

Қандай да бір топты немесе құжаттардың жалпы жүйесін зерттеу экономикалық қылмыстың нақты түрімен және тергеудің белгілі бір сатысындағы тергеулік жағдайдың пайда болуымен тығыз байланысты.

Криминалистикалық, тергеулік тәжірибемен жалған құжаттарды табудың әртүрлі тәсілдері мен нысандары қалыптасқан. Біз өз тарапымыздан құжаттарды зерттеу процесін үш сағуға бөлуді дұрыс деп санаймыз: құжаттарды қарау, құжаттарды зерделеу, сараптамалық зерттеуге жататын құжаттарды айқындау.

Құжаттарды зерттеу процесінің барлық сатыларында тергеушіге маманның көмегін қолдану қолайлы болып саналады. Маманның кеңес беру көмегі кеңінен тараған процессуалдық емес нысаны болып келеді. Әлбетте дұрыс ұйымдастырылған кеңес алулар негізінде іс бойынша тергеу жұмысының берік бағытын таңдау үшін жағдайлар жасалады. Арнайы білімдерді қолданудың басқа да нысандарымен өзара байланыстар пайда болады, мысалы, сарапшыға, ревизорға сұрақтар дайындауда кеңесшінің көмегі өте зор².

Бухгалтер-маман тергеушіге бухгалтерлік есеп пен есеп беру жүргізуді реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді, құжаттарды рәсімдеу тәртібі мен ережелерін зерделеуде, құжаттардың жалғандығын айқындауда және де т. б. өз көмегін тигізеді. Оның қатысуымен құжаттарды алу, қарау, тінту және басқа тергеу әрекеттерін жүргізген қолайлы. Есептік-есеп беру және басқа құжаттарда жалғандықтың материалдық немесе интеллектуалдық белгілері айқындалған жағдайда бухгалтер-маман тергеушіге құжаттық ревизия (аудиторлық тексеріс), соттық-бухгалтерлік сараптаманы жүргізуді ұсынады және тергеуші ревизор, сарапшыға шешуге берілетін сұрақтарды дайындауға қол үшін береді.

Экономикалық қылмыстарды тергеу барысында тергеушілер қолданатын соттық-бухгалтерлік, соттық-экономикалық және басқа сараптамаларды тағайындау мен жүргізу мәселелері әдебиеттерде қарастырылған. Кейінгі жылдары экономикалық қызмет саласында ақпаратты электронды өндеуді енгізу — компьютерлік алаяқтарға кең мүмкіндік туғызып отыр, яғни ақша құралдарын электрондық төлемдерді және де жалған пластикалық карталар қолдана отыра банкілердің компьютерлік жүйесіне ену арқылы жымқыру. Осыған байланысты компьютерлік технологияларды қолданылған қылмыстарды тергеу барысында маңызды дәлелдеме ретінде компьютерлік-техникалық сараптаманы тағайындау қарастырылады.

Компьютерлік-техникалық сараптаманың объектілері болып компьютерлік жазбалар саналады: «жинақтаушылар», ақпарат тасымалдаушылары (қатты және магнитті дискілер, оптикалық дискілер, стримерлер); бағдарламалық және мәтіндік файлдардың басылымдары, жүйелердің іздеу белгілерінің сөздіктері (тезаурустар), классификаторлар және басқа техникалық құжаттама; электронды қойын дәптерлер, мәтіндік немесе сандық ақпараттың басқа электронды тасымалдаушылары, олардың техникалық құжаттамасы³.

Аталған сараптаманың зерттеу объектілерінің арнайылығы мен шешетін міндеттерін ескере отыра сараптамалық зерттеудің екі бағытын бөліп шығаруға болады: компьютерлер мен олардың толымдаушыларын және де компьютер мен оның магнитті тасымалдаушыларында сақталған компьютерлік жазбалары.

Компьютерлік-техникалық сараптама шешетін сұрақтарды дайындау барысында тергеушіге компьютерлік технологиялар саласында хабардар маман кеңестік көмегін көрсетеді. Атап айтқанда, олар — ЭЕМ бағдарламалық және жүйелік қамтуын кәсіпті тұрғыда қолданушылар, операторлар, жүйелік магниттік тасымалдаушыларының кітапханашылары, қолданушылар және т. б.⁴.

Экономикалық қылмыстарды ашу және тергеу нәтижелігі ғылым және техниканың жаңа жетістіктерін, соттық сараптамалардың мүмкіндіктерін қолданусыз мүмкін емес.

1 Быданов О. Н., Гуляев В. А., Рохлин В. И. Некоторые вопросы методики расследования преступлений, совершаемых в сфере хозяйственной деятельности на предприятиях негосударственных форм собственности. Ч. III. Организация дальнейшего расследования: Методические рекомендации. — СПб, 1993. — С. 6.

2 Сонда. — С. 33.

3 Дьяченко А. Ф. Современное состояние судебных компьютерно-технических исследований // Актуальные вопросы судебной экспертизы и криминалистики. Харьков., 1998. — С. 216-217.

4 Гайкович В., Першин А. Безопасность электронных банковских систем / Под ред. Ю. М. Гайковича. — М., 1994. — С. 42-43.